

Исмаилов Ұлжабай Жұмағалиұлы - 1949 жылы 12 қазанда Жезқазған қаласында дүниеге келген. Еңбек жолын 1970 жылы бұрғылау шебері ретінде бастаған, кейін бұрғылау жасағы бастығы, диспетчерлік бөлімі бастығы, «Геобайт» АҚ президенті, «Геобайт-Инфо» ЖШС бас директоры болды.



Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген геологы, Халықаралық минералдық ресурстар академиясының корреспондент-мүшесі, «Қазақстан Республикасының өндірістік геологиялық ұйымдары қауымдастығы» ЗТБ директорлар кеңесінің мүшесі.

Ұлжабай Жұмағалиұлы геолог мамандығын дәріптеу үшін жан-жақты көмек көрсетіп келеді, халықаралық жастар мектеп-практикумы мен «Шығыс Саяны – 2019» халықаралық геологиялық экспедициясына «Юный геолог» үйірмесі мүшелерінің сапарын ұйымдастыруда демеушілік көмек көрсетті.

Өмірде қиын жағдайға тап болған адамдарға және рухани даму жөнінде тұрақты негізде демеушілік көмек көрсетеді. «Марал ишан» мешітінің ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге, Меңдіқара ауданындағы Зұлқарнай Мұса қажы атындағы мешітке күрделі жөндеу жүргізуге, «Оспанқожа әулие» мешітінің жанындағы асхана құрылысына көмек көрсетті.

Көп балалы аз қамтылған отбасыларға тұрғын үй сатып алуға және оларды орналастыруға материалдық көмек берді.

«Жер қойнауын барлау үздігі», «Жер қойнауының құрметті барлаушысы», «Мамандығына адалдығы үшін», «Астананың 10 жылдығы», «ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығы», «Қазақстан мәслихаттарының 20 жылдығы», «Академик Ш.А. Есенов сыйлығының лауреаты», «Пайдалы қазбалар кен орындарын алғаш ашушы», «Құрмет» ордені, Меңдіқара ауданының Құрметті азаматы, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Еңбек ардагері» медалі, «Халықаралық геологиялық ынтымақтастыққа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі наградаларына ие.

Қостанай облыстық мәслихатының 2021 жылғы 21 маусымдағы № 61 шешімімен Ұ.Ж. Исмаиловқа «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.

Исмаилов Улжабай Жумагалиевич - родился 12 октября 1949 года в г. Джезказган. Трудовую деятельность начал с 1970 года в качестве бурового мастера, затем начальником бурового отряда, начальником диспетчерского отдела, президентом АО «Геобайт», генеральным директором ТОО «Геобайт-Инфо».



Заслуженный геолог Республики Казахстан, член-корреспондент Международной Академии минеральных ресурсов, член Совета директоров ОЮЛ «Ассоциация Производственных геологических организаций Республики Казахстан».

Улжабай Жумагалиевич оказывает всяческую помощь, для популяризации профессии геолога, так была оказана спонсорская помощь в организации поездки членов кружка «Юный геолог» на международную молодежную школу-практикум и международную геологическую экспедицию «Восточные Саяны – 2019».

Не забывает и о людях, оказавшихся в трудных жизненных ситуациях, о духовном развитии, на постоянной основе оказывает спонсорскую помощь. Оказана помощь для проведения капитального ремонта здания мечети «Марал ишан», капитального ремонта мечети имени Зулкарнай Муса кажы в Мендыкаринском районе, на строительство столовой при мечети имени «Оспанқожа әулие».

Оказывалась материальная помощь в приобретении и обустройстве жилья многодетным малообеспеченным семьям.

Имеет следующие награды: «Отличник разведки недр», «Почетный разведчик недр», «За верность профессии», «К 10-летию Астаны», «К 20-летию независимости РК», «К 20-летию маслихатов Казахстана», «Лауреат премии академика Есенова Ш.А.», «Почетный первооткрыватель месторождений полезных ископаемых», Орден «Құрмет», Почетный гражданин Мендыкаринского района, медаль «Ветеран труда» Министерства экологии, геологии и природных ресурсов, нагрудной знак «За заслуги в международном геологическом сотрудничестве».

Решением Костанайского областного маслихата № 61 от 21 июня 2021 года Исмаилову У.Ж. присвоено звание «Почетный гражданин Костанайской области».